

# БАЛАНЫҢ БӨТЕНДІГІ БОЛМАЙДЫ ЕКЕН



Хасен Зәкәрия

Маралды орта мектебінде Көкпекті балалар үйінен келген Александр, София, Артур, Эльмира есімді өрендер әр сыныптағы партаға отырып, мектеп жанындағы шағын орталыққа Кристина, Рафаэль, Жігер және Камаль атты бүлдіршіндер қабылданды.

(Соңы 2-бетте)

# Баланың БӨТЕНДІГІ БОЛМАЙДЫ екен

(Соңы. Басы 1-бетте)

Балалар үйінің бұрын орыс тілінде оқыған тәрбиеленушілері енді қазақ тілін ыждағатпен үйренуде. Мұғалімдер бұл балалар үшін қосымша сабақтар ашып, оқу материалын игерту мақсатында олардың әрқайсысымен жеке-жеке жұмыстар жүргізуде. Қазір бұл балалар үшін күрделі кезең: олар мектептегі, сондай-ақ, қамқоршы отбасындағы жаңа жағдайларға қалыптасу кезеңін бастан кешіруде.

Біз тамыз айында осы округке қарасты Үшбұлақ ауылы тұрғындарының балалар үйлерінен қазақ балаларын қамқорлыққа алып келгендері туралы жазған болатынбыз.

– Балалардың көңіл күйі жақсы, оларды біз де үлкен сеніммен қабылдадық, – дейді Маралды орта мектебінің директоры Ақылбай Кәкім. – Бастапқыда әрине, қиындықтар болады, өйткені бұл балалардың көпшілігінің ана тілі орыс тілі ғой. Дегенмен, жаңадан келгендердің оқуында әжептәуір жетістіктер байқалуда, олардың бірқатары қазақша ауыз-екі тілді ұғатын болып қалды. Жақында бізге балалардың оқуын, қамқор отбасылардағы жағдайларын біліп қайту мақсатында Көкпекті балалар үйінің директоры Жанат Қайдаров

келіп қайтты, ол риза болғанын жасыра алмады. Бұл балалармен әлеуметтік педагог Гүлфия Мұхаметжанова жұмыс істейді. Ол үй-үйді аралап, балалармен, олардың қамқоршыларымен әңгімелесіп отырады.

– Балалар үйінде тәрбиеленген өрендер тәртіп көрген, тәрбиелі, сондықтан мұғалімді жақсытындайды, – дейді оқу ісінің меңгерушісі, ұйымдастырушы Ерік Әлімханов. – Жақында мектеп десанты жұмысқа шығып, табиғат саябағын қоршаған кезде жаңадан келген ересек оқушыларымыздың жұмысқа икемді, ынталы екендігін байқап, ішіміз жылып қалды.

– Менің тәрбиемдегі Александр деген бала ісмер болып шықты әрі өзін әрдайым жақсы қырынан көрсетіп келеді, – дейді ауылдық округ әкімі Мақсат Кәкімов мақтанышпен. Ол 13 жастағы осынау жасөспірімді тәрбиелеуге алған болатын. Қазақшаға икемдеп, Сәкен деп атаған ол спортқа да бейім екендігін дәлелдеп, жеңіл атлетикадан жеңімпаз атанып отыр.

Мақсат Мәукенұлының пікірінше, жасөспірім азамат өзіне жасалған жағдайға өте разы, қазір оның компьютері, велосипеді бар. Мұнда келген балалардың ішіндегі ең үлкені Сәкен оқта-текте Кәкімовтердің үйіне жиналып

тұратын балалардың жетекшісі әрі ақылшысы іспетті. Александр Кобылев ресейлік бала болса да, қазақ тілін жақсы меңгеруде. Ол 10 жасында жетім қалып, Зырян қаласынан бір-ақ шығады. Онда оны анасының сіңлісі қамқорлығына алған болатын. Бірақ көп ұзамай нағашы алайы жағдайының жоқ екендігін алға тартып, Сашаны балалар үйіне тапсырады. «Кәкімовтер неге дәл осы баланы таңдады екен?» деген сауалымызға Мақсат Мәукенұлы:

– Бізді балалар тұрған залға кіргізгенде көргеніміз – олар түгелге жуық орыс ұлтының балалары екен. Бірақ, біз үйден шыққанда осы қадамға бел байлағандықтан, балалар үйі әкімшілігінің ұсынысын бірден құп алдық. Тамыз айында қамқорлық жөніндегі әдіскер екеуміз Үшбұлақ ауылы тұрғындарымен облыстың барлық балалар үйлерін аралағанда қазақ балаларын әрең тапқан болатынбыз. Ауылдастарымыз қабылдап алған ол балаларды біржола асырап алуға ниеттенген еді, өйткені, олар балалары өсіп, өз жолдарын тауып кеткен немесе кейбірінде бір-ақ бала бар отбасылар еді. Ал бұл жолы әйелдер балаларды шыққан тегіне, оқу үлгеріміне көз жеткізіп

барып, таңдап алды. Ауыл әкімі ретінде мен олар әбден таңдап болғанша тосып тұрдым. Сол кезде дәлізде тұрған бір жасөспірім мені ымдап шақырып алды да «Мені сіз алыңызшы, балалар үйінде қалғым келмейді» деді. 7-сыныпта оқитын ересек бала болғандықтан, оны тізімге енгізбеген екен. Мен біраз ойла-нып қалдым. Бала болса менен көзін алмай, маңайлай берді. Бұдан соң мен нық шешімге келдім, пікірімнің дұрыстығына балалар үйі әкімшілігінің де көзін жеткіздім. Осы қадамыма қазір өкінбеймін. Бала зайыбым екеуміздің де көңілімізден шығып отыр, – деді бар жайды жіпке тізгендей баяндап.

Сірә, баланың жаманы болушы ма еді? Тәрбие мықты болса, бұл балалар әлі-ақ «Мен Маралдыда оқып, ержеткенмін» деп мақтанары даусыз. Ылайым, алдағы өмір олардың бақытты шақтарын үстемелегей!

*СУРЕТТЕ: Көкпектіден келіп, Маралдыда тұрып жатқан оқушы балалар; ауыл әкімі М.Кәкімов пен мектеп директоры А.Кәкім жеткіншектер ортасында.*

*Күршім ауданы.*